


# Эмпирикалық мәліметтерді жинау әдістері



# *Жоспар*

1. Зерттеуді ұйымдастыруда әдістерді жіктеу.
2. Эксперименталды зерттеудің түрлері.
3. Толық эксперименталды зерттеуді өткізу этаптары.

Психологияда эмпирикалық әдістiердiң көптеген түрлерi бар. Оларды зерттеудi ұйымдастыруға ұсынудағы жалпы ғылымдық критерий позициясымен қарастырамыз. Эмпирикалық материал алу үшін барлық әдісткрдi активтi және пассивтi деп бөлуге болады.

## Активтi

- Лабараториялық эксперимент, квазиэксперимент және т.б.



## Пассивтi

- Бақылау, клиникалық әдiс, iс әрекет нәтижесiн талдау әдiсi, өлшеу және корреляцилық зерттеу, архивтi әдiс және т.б.



1. Эксперименталды зерттеу, жүйелі бақылау және корреляционды зерттеу. Мұндағы негізгі айырмашылық, зерттеуші сыртқы ауыспалыларды бақылай отырып, негізгі ауыспалылардың арасындағы корреляциялық немесе себепті орнатады. Бұл үшін ол мақсатқа бағыттала, бақыланушы индивидтер мен зерттелуші топтарын таңдап алады, өз әрекеттерін нақты жүйелі түрде жоспарлайды.



2. Табиғи эксперимент және бақылау ,әңгіме, клиникалық әдіс, жеке жағдайларды сипаттау әдісі. Олар адам жүріс тұрысының ерекшеліктерін анықтау үшін қолданылады. Ауыспалылардағы (тәуелді және тәуелсіз, сыртқы) бақылау тәсілдері жүйелі түрде қолданылмайды, бірақ күрделі техникаларды ( бақыллау картасы, аудио видео аппаратуралар, тесттер т. б.) бақылауда қолданылуы мүмкін.



3. Квазиэксперимент ауыспалыларға қатал бақылау қойылатын әдіс пен зерттеу жүргізуде табиғи әдістер арасындағы аралық. Оны көбіне (Ф. Дж Мак Гиган)жүйелі бақылау әдісімен теңестіріледі, яғни экспериментатор зерттеушіге әсер етпейді. Бірақ мұндай көзқарастар дәлелденбеген. Тағы да бір жағдай әсер ету табиғатта зерттеушіге тәуелсіз, табиғи жүруші ретінде анықталуы мүмкін, бірақ бұл жағдайда эксперимент пен бақылау арасында айнымалы орын алатын зерттеуші әдісті байқаймыз.



Басқада көптеген ғалымдар эксперименталды әдістерге қарама қарсы әдістерлі көрсетеді. Мысалы;

### **Ф.Дж. Гиган**

- 1. классикалық клиникалық әдіс
- 2. табиғи бақылау
- 3. сұрақнама
- 4. архивтік әдіс
- 5. корреляциялық бацланвстарды орнату
- 6 .квазиэксперимент

### **М.В. Мэтлин**

- 1. табиғи бақылау
- 2. сұрақнама
- 3. корреляциялық әдіс
- 4. архивтік зерттеу
- 5. жеке жағдайларды зерттеу

### **П.К. Козби**

- 1. сұрақнама
- 2. табиғи эксперимент
- 3. табиғи бақылау

Психологияда экспериментальды зерттеу экспериментатордың тәуелсіз айнымалықтарды белсенді өзгертуімен ерекшеленеді. Экспериментальды зерттеу бір нұсқасы бұл зерттелуші топтардың болуы. Эспериментальды емес зерттеулерде негізгі және бақылаушы барлығы топтар бірдей болады, сондықтан олар салыстырылады. Формальды негіз бойынша экспериментальды зерттеу бірнеше типтерге бөлінеді.